

Жамбыл облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 374 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 ақпанда № 2510 болып тіркелді

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 143-ө өкіміне сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.Орынбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

"СОГЛАСОВАНО"

Председатель

Комитета автомобильных дорог

Министерства по инвестициям и развитию

Республики Казахстан
М. Пшембаев
06.02.2015 года

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014
жылғы 29 желтоқсандағы № 374
қаулысына қосымша

Жамбыл облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда –Жамбыл облысы әкімдігінің 11.05.2023 № 79 (алғашқы ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№ р/с	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Автомобиль жолдарының мекен-жайы, шақырым	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	2	3	4	5
1	КН-1	"Күйік-Қарабастау-Қаратау-Жанатас-Саудақент"	0-163	163
2	КН-2	"Тараз-Аса-Ақкөл-Саудақент"	11-186	175
3	КН-3	"Ақкөл-Қойгелді"	0-30	30
4	КН-4	"Саудақент-Тоғызкент"	0-43,2	43,2
5	КН-5	"Ақкөл-Үшарал-Тоғызкент"	0-66	66
6	КН-6	"Тараз-Сарыкемер-Түймекент-Ақшолақ"	3,4-50,7	47,3
7	КН-7	"Тараз-Жетібай-Тегістік-Ойық"	1,7-116,5	114,8
8	КН-8	"Б.Момышұлы-Көлтөгі-Қошқарата-Қызылтоған"	0-76,58	76,58
9	КН-9	"Бірлік-Мойынқұм-Ұланбел-Шығанақ"	0-344	344
10	КН-10	"Ақкөл-Ойық-Ұланбел"	0-168,6	168,6

11	КН-11	"Аса-Қарабастау"	0-38,5	38,5
12	КН-12	"Луговая станциясы-Қорағатты-Тәтті"	0-61,9	61,9
13	КН-13	"Нововоскресеновка-Аспара"	0-35,9	35,9
14	КН-14	"Төле би-Шокпар"	0-64	64
15	КН-15	"Төле би-Мойынқұм-Ақтөбе"	6-32	26
16	КН-16	"Кемер-Бірлік-Үстем"	0-22,1	22,1
17	КН-17	"Үшбұлақ-Сарыкемер"	0-6,15	6,15
18	КН-18	"Әбілдабек-Бақалы-Сұрым станциясы-Бәйтерек"	0-31,95	31,95
19	КН-19	"Тоғызкент-Досбол-Шығанақ"	0-103,6	103,6
20	КН-20	"Құмарық-Қызылту-Ақыртөбе"	0-28,8	28,8
21	КН-21	"Құмарық-Юбилейный"	0-17,15	17,15
22	КН-22	"Б.Момышұлы-Көктөбе-Алатау"	0-24,15	24,15
23	КН-23	"Меркі-Шу-Бурылбайтал"	0-7	7
24	КН-24	"Құлан ауылына шығыстан кіру"	0-10	10
25	КН-25	"Құлан ауылына батыстан кіру"	0-10	10
26	КН-26	"Құлан ауылына солтүстіктен кіру"	0-2	2
27	КН-27	"Тараз қаласына шығыстан кіру"	0-14	14
28	КН-28	"Тараз қаласына батыстан кіру"	0-8	8
		"Тараз қаласының Қырғызстан		

29	КН-29	шекарасына оңтүстік айналмасы "	0-16,1	16,1
Барлығы:				1755,78

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК